

«Сейфуллин оқулары-14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру – жаңа даму кезеңі» атты Республикалық ғылыми-теориялық = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения-14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация – новый этап развития». - 2018. - Т.1,Ч.4. - Б.110-114

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖҮЙЕЛІЛІК ОЙЛАУЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Исакова Г.О.

Оқу үдерісінде жүйелі ойлауды дамыту мен қалыптастыру үшін білім алушылар жүйелілік қағида негізінде сәйкес келетін жүйелілік әдістер мен технологияларды қолданумен, өзінің дербестігімен, өзін-өзі басқару танымдық әрекеті (жетекшінің қатысуынсыз) оқытушы тарапынан көмек алусыз) өзі жүзеге асыруға талпынуы тиіс. Бұл субъектінің жүйелілік тұрғы мен жүйелілік ойлаудың бүгінгі және келешектегі танымдық, теориялық, тәжірибелік және кәсіби басқа да әрекеттердегі мән-маңызы мен артықшылықтарын, оны саналы түрде түсінгенде ғана мүмкін болады.

Бұл байланыста білім алушылар мен мамандардың тиісті әдіснамалық білім, біліктерін дамыту мәселесі өзектендіріле түседі. Көпшілік дәстүрлі және инновациялық оқытудағы жүйе ретінде нысанды тану (кең мағынасында заттарды, үдерістерді, құбылыстарды) секілді жүйелік қағидасын табанды әрі мақсатқа бағытты таратуға тәуелді.

Өскелең ұрпақ пен мамандардың бойында жүйелілік ойлауды қалыптастыру заманауи басым бағыттағы өзекті міндет болып табылады. Сонымен қатар білім берудегі жүйе бұл үшін қажетті бағдарламалармен, технологиялармен және әдістермен әлі де болса жабдықтала қойған жоқ. Егер, нақтырақ айтатын болсақ, бұл мәселе біздің қоғамымызда өзектендірілмеген.

Қазіргі уақыттағы қазақстандық білім берудің бірінші кезекті мақсаты қазіргі заман адамының ой сипаттарының бірі ретінде алып қарастыруға болатын сыни ойлауды қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар жүйелілік тұрғы сыни ойлауды дамытуға сыни ойлау туралы бұрыннан бар түсінікті кеңейтуге және оны айтарлықтай қорытуға жүйелілік-сыни ойлауды қалыптастыру үшін белгілі бір жағдай жасайды.

Жүйелілік ойлау өз табиғаты бойынша объективті шынайылық жүйесін неғұрлым адекватты бейнелеп, диалектикалық жүйені құрады [1;2].

Адамға тән жүйелілік болмастағы көзқарас, іс-әрекетке, соның ішінде басқарушылыққа жүйелілік тұрғының объективті алғышарттық мүмкіндіктері ғана. Бұл жүйелілік тұрғы аясындағы сәйкес келетін іс-әрекет тәсілдерін қалыптастыруға бағытталатын, арнайы дайындықсыз басқару

нысанына, адамның басқарушылық әрекетінің бұл сапалардың спонтанды көрініс беруін күту емес [3].

Жүйелілік ойлау білімнің үдемелі ағынына бағдарлануға мүмкіндік береді, мәселені зерттеудің жаңа пәнімен және жаңа тәсілдерімен шешу бойынша іс-әрекет негіздерінің бағыттылығын қалыптастыру үшін білімді таңдау мен оны ықпалдастыру жағдайын жасайды [4].

Бұл байланыста оқыту үдерісінің орталық мәселесі деп З.А.Решетова жүйелілік тұрғы қағидаларымен белгілі болатын ғылыми жалыплаудың қазіргі формаларында білім алушының теориялық ойлауын қалыптастыруды атайды. Сонымен бірге жүйелілік тұғыр пәнді жүйе ретінде зерттеу бойынша теориялық әрекет формасында ғылым пәнін оқу пәнін мен меңгеру үдерісін ұйымдастырудың әдіснамалық негіздері ретінде қарастырады. Бұндай іс-әрекеттерді ұйымдастыру үдерісінде пәнге бағдарланудың жүйелілік типі белгілі болатын, ойлау тәсілі болып қалыптастырылатын меңгерумен, білім алушылар үшін танымдық құрал болатын жүйелілік әдістер мен технологиялар қалыптастырылады.

З.А.Решетованың пайымдауынша, жүйелілік ойлауды меңгеру – қоғам түсінген қажеттілік. Алайда, оқытудың қазіргі жүйесі бұл қабілеттілікті оқушылар бойында әлі де болса қалыптастырмады.

Қоғам қажеттіліктерімен сәйкес қалыптастырылмаған ойлау тәсілі – адамзаттың зияткерлік тұрғысынан дамуына, оның шығармашылық әлеуетіне ғылыми-техникалық өркендеудің қазіргі деңгейінің көрсетілу талаптары қазіргі оқыту жүйесі қарама-қайшылықтың бірі [3].

Жалпы жағдайға (эксперименталдық оқыту үдерісінде анықталған) бағытталған қалыптастырушы, жүйелілік ойлау типі автордың «Оқытудағы жүйелілік ойлауды қалыптастыру» [4] атты еңбегінде төмендегілер қамтылған:

- оқыту мақсатының өзгеруі (басты бағыт - жүйелілік ойлауды қалыптастыру);

- оқыту мазмұнының өзгеруі (ол зерделенуші пән туралы білімдерді ғана қамтып қана қоймауы тиіс) олардың ғылыми мазмұны, сонымен қатар әдіснамалық білімдерді – пәнді жүйелі зерттеудің қисыны (оның іс-шаралары), оны ұйымдастыру тәсілдері туралы, пәндік білім, іс-әрекеттер туралы;

- оқыту әдісінің өзгеруі (оларды бағдарлық-зерттеушілік қызметке сүйенуі, қалыптастырылушы білім мен ойлау тәсілдері меңгерілетін біліктіліктердің бағыттылық негіздері ретінде)

- оқу құралдарының жаңа тәсілдері – оларды қалыптастыратын әрекетті ұйымдастыру мен басқару (жоспарлау, орындалуын қадағалау, бағалау және түзету) құралы ретінде;

- меңгерілген білім, білік, дағдыларды бағалау параметрлерінің өзгеруі.

З.А.Решетова жетекшілігімен жүргізілген жүйелілік ойлауды қалыптастыру бойынша эксперименттің жалпы мақсаты келесі қағидалар

негізін құрайтын меңгерудің жаңа механизмін қалыптастыруға бағытталған [3]:

1. Пәндік қызмет қағидасы – белгіленген пәнді зерттеуге (талдау) бағытталған оқушылардың меңгеру әрекетінің негіздері ретінде: өзіне тән ерекшеліктерін көрсету мен оларың пайда болу заңдылықтарын, маңызды негіздері және мүмкін болатын көп бейнелі құбылыстар.

2. Жүйелілік қағидасы. Оқу бағдарламасы, пәнді зерттеудің жоспары мен тәсілі; ол сапалы анықталған жүйе тәрізді оның жүйелілік талдау қисынына құрылады; әдістің түсінік құралы тек қалыптастырушы білімдерді жалпылаудың әдіснамалық формасын ғана емес, сонымен қатар жүйе ретіндегі нысан туралы білімнің жалпы құрылымын анықтайды.

3. Теориялық және тәжірибелік іс-әрекеттің бірлігі қағидасы. Меңгеру үдерісінің бастапқы формасы – пәндермен (немесе олардың модельдерімен) сыртқы әрекет. Оның туындысы ішкі (ақыл-ой) әрекеті болып табылады. Ішкі әрекетті ұйымдастыру тәсілдері: мазмұн, құрылым, құрал, орындау тәсілдері – ойлау тәсілі ретінде ішкі әрекетті анықтайды. Өз кезегенде ойлаудың бұндай тәсілдері, қалыптастырылған білік ретіндегі ішкі әрекеттің қызмет атқаруын реттейді.

4. Меңгеру үдерісін басқаратын қалыптастыру қағидасы. Басқару нысаны – оқушылардың бағдарлаушылық-зерттеушілік қызметі және оны меңгерілген біліктер негізіне бағдарлануға айналдыру. Бұл үдеріс екі бағдарламамен басқарылады: біріншісі бағдарлық негіздердің (толықтық, құрылымдық, жалпылау, жинақтау формасы, рефлексия) пәндік мазмұны мен сипатын қалыптастырса, келесісі – сыртқы формадан ішкі формаға, бағдарлық-зерттеушілік қызметтің дәйекті кезеңдеріне айналуы ұйымдастырады.

5. Оқытудың дамытушылық қағидасы. Оқытудың барлық шарттары зияткерлік қабілеттерді дамытуға бағдарланған нысанды меңгерудің рухани-тәжірибелік жаңа бағыттылық негіздері ретінде ойлаудың жаңа тәсілдерін өндіретін әрекетті қалыптастыруға негізделеді.

Жұмыс авторларының пікірінше [4], дидактикалық теорияны дамыту мен оқыту тәжірибесін жетілдіру келесілерді болжалдайды:

а) мақсатқа, мазмұнға, оқыту әдістеріне, жаңа тәсіл және білім алушылардың пәндік қызметі болып табылатын жүйе түзуші факторлардың жүйесі ретіндегі оқу үдерісі туралы жаңа түсініктер негізінде оның нәтижелерін бағалау;

ә) қызметтік тәсіл негізінде пәндік әрекеттердің жүйелілікті, үдерісті басқаруды меңгеру мен дамытушы оқытудың жаңа дидактикалық қағидаларды оқытуға енгізу; белсенділік, саналылық, сабақтастық, жүйелілік қағидаларын неғұрлым мазмұнды етіп жасақтаған жөн.

б) ерекше іс-әрекет (зерттеушілік сипатқа бағытталған) тәрізді меңгеру механизмдерінің заңдылықтарын ашып көрсету;

в) оқытудың жаңа технологиясына көшу үшін негіздеме беретін, әр стадияда өзгеріске ұшырайтын атқарымдық қызмет, құрылым, қалыптастырдың орнықтылығы;

г) оқыту үдерісінде жүйелік талдау мен білім алушылардың жүйелі ойлауын қалыптастыру қағидасы дамытушы оқытудың маңызды компоненті ретіндегі танымдық әрекетті ұйымдастыру.

Жұмыс авторлары [4] жүйелілік тұрғы пәнді белгілеу тәсілін, зерттеу бағдарламасын, ол туралы білімдер құрылымын, олардың өзара байланыстылық қағидасын, пәндегі танымдық қозғалыстың қисынын, теориялық картиналарды құрылымдау тәсілін өзгерте алады деп санайды.

Жүйелілік тұрғы субъектісінің білім білік, дағдыларды меңгеруі келесілерге жағдай жасауы мүмкін:

- адекватты зерделенетін ғылымның білімдер жүйесін тиімді қалыптастыру;

- қоршаған болмастың оңтайлы және сапалы қайта түрленуін біртұтас тану;

- оқытудың мақсат-міндеттерін тиімді жүзеге асыру (өзара оқытуды енгізе отырып, сондай-ақ алда тұрған танымдық, теориялық, тәжірибелік және басқа да іс-әрекеттердің мақсат-міндеттері);

- жаңа әлеуметтік-экономикалық, саяси, ақпараттық орталарға тез бейімделу;

- қазіргі жағдайдағы нарық пен нарықтық қарым-қатынастың дамуындағы осы субъектінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Өскелең ұрпақ пен мамандардың жүйелі ойлауын қалыптастыру үшін төмендегілер ұсынылады [4; 6]:

- білім беру мақсатын түзету (оңтайландыру, тиімді ету);

- тиісті шешімдерді қабылдау, жүйелілік тұрғы мен жүйелілік ойлау қабілеттерін, жүйелілік білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға, оқыту үдерісінің субъектілеріне мәлімдеу;

- танымдық, теориялық, тәжірибелік және басқа да іс-әрекеттерде субъектінің басқа қабілеттілігін арттыруда мәселенің түйінін шешу мен мақсатқа жетуге оңтайлы жағдай жасайтын болмыс пен қызмет түрін меңгеру;

- білім беру мазмұнына (оқыту мазмұны) сәйкес келетін өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

- оқыту әдістері мен технологияларын жетілдіру, заманауи ақпараттық технологияларды белсенді қолдану, сондай-ақ білімдер жүйесін жүйелі, шығармашылық және басқа да ойлау тәсілдерін тез, әрі озық сапада қалыптастыруға қызмет жасайтын, жаңа, тиімді жүйелік және белсенді әдістері мен технологияларын жасап шығару;

- жеке және ұжымдық оқыту формасын жеке оқытудың басымдылығымен үйлесімді сәйкестендіру;

- оқытудың шығармашылық ортасын қамтамасыз ету, т.б.

Жүйелілік ойлауды қалыптастыруға білімнің әртекті элементтері арасындағы құрылымдық-функционалды байланыстар арасында болумен сипатталатын білім жүйелілігіне айтарлықтай ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Системный подход в опережающем обучении: Учебник / А.М.Абдыров, М.Д. Есекешова, К.Ж.Ибраева и др. – Астана: Изд-во КазАТУ им. С.Сейфуллина, 2016. – 290 с.
2. Перегудов Ф.И., Тарасенко Ф.П. Введение в системный анализ. – М.: Высшая школа, 1989. – 367 с.
3. Решетова З.А. Психологические основы профессионального образования. – М.: Изд-во Московского ун-та, 1985. – 207 с.
4. Формирование системного мышления в обучении: Учебное пособие / Под ред. проф. З.А. Решетовой. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2002. – 344 с.
5. Д. О`Коннор, И.Макдермотт. Искусство системного мышления: Необходимые знания о системах и творческом подходе к решению проблем. Пер с англ. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2008. - 256 с.
6. Зимняя И.А. Компетентностный подход. Каково его место в системе современных подходов к проблемам образования? (теоретико-методологический подход) // Высшее образование сегодня, 2006, № 8. – С.21-26.
7. Вербицкий А.А. Компетентностный подход и теория контекстного обучения. – М.: ИЦ ПКПС, 2004. – 84 с.